Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

19 қараша 2025 жыл іс № 7527-25-00-2/13128 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Т.К. Далабаева, сот отырысының хатшысы А.Абдикадырованың қатысуымен ашық сот отырысынды бейнебайланыс арқылы келесі талап бойыша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Umit&Co» Жанпеисов Умит Мадениетовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Кинаятов Р.
талап қоюшының өкілі Галимов А.
талап қоюшының өкілі Жолдасов А.Б.
жауапкердің өкілі Конарбаева А.А.
аудармашы Садық С.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

30 сәуір айында 2025 жылы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесімен Жеке кәсіпкер «Umit&Co» Жанпеисова Умит Мадениетовна__арасында № №250114 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартжасалды (әрі қарай - Шарт).

Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және е 7 639 394.56 (жеті миллион алты жүз отыз тоғыз мың үш жүз тоқсан төрт) теңге 56 тиын.

Келісім шарттың орындау мерзімі - 2025 жылдың 30 тамызына дейін.

Алайда, жауапкер шарт бойынша тауарды жеткізбей қойды.

Документ подписан: Далабаева Т. К., 25.11.2025
Дата вступления в законную силу: 24.02.2026, судья Далабаева Т. К., 22.04.2026

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға және 129 869,70 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сұрап сотқа талап қоюмен жүгінген.

Жауапкер талап қоюға пікірінде талап тапсырыс беруші шарт талаптарын және заңнаманы өрескел бұза отырып, тауарды қабылдаудан негізсіз бас тартқандығын көрсетті. Талап қоюды қанағатандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері Галимов А., Жолдасов А.Б. талап қоюды толығымен қолдап, талап қоюда көрсетілген негіздер бойынша талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жаупкердің өкілі Конарбаева А.А. талап қоюды мойындамады. Талап қою пікірінде көрсетілген негіздерге сәйкес талап қоюды қанағатандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1, №2 талап қою келесі мән-жайларға байланысты қанағаттандыруға жатады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5 тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Іс материалдарынан тараптардың арасында шарт жасалған анықталды.

Документ подписан: Далабаева Т. К., 25.11.2025
Дата вступления в законную силу: 24.02.2026, судья Далабаева Т. К., 22.04.2026
7527-25-3-1/15210

Шартқа № 1 қосымшада келісім шарттың орындау мерзімі - 2025 жылдың 30 тамызына дейін деп айқындалған.

Алайда, өнім беруші өз міндеттемелерін дұрыс атқармаған.

Конкурстық құжаттамаға сатып алынаты тауарлардың техникалық ерекшелігінде көрсетілген тауарды тапсырыс берушіге алып келмеген.

Тапсырыс берушінің тексеру нәтижелері бойынша тауар техникалық сипаттамаға сәйкес келмейтіні анықталған.

Бұл жайт тиісті түрде рәсімделген рекламациялық актімен расталады, ол жеткізілген өнімнің техникалық талаптардан ауытқуларын және көрсетілген параметрлерге сәйкес еместігін нақты көрсетеді.

2025 жылдың 25 қыркүйегінде тараптар арасында шарт бұзылған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 273 бабына сәйкес заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 359 бабының 1 тармағына сәйкес борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Жауапкер шарт бойынша өзінің міндеттерін толығымен орындамағы анықталды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72 бабына сәйкес Әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Жауапкер шарттың орындалғанын дәлелдейтін құжаттарды ұсынбаған, ал оның өзге дәлелдері құқықтық мәні бар айғақтармен қуатталмаған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және туралы талап қою қанағаттандыруға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодекстің 293 бабына сәйкес орышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағана сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған

Документ подписан: Далабаева Т. К., 25.11.2025
Дата вступления в законную силу: 24.02.2026, судья Далабаева Т. К., 22.04.2026
7527-25-3-1/15210

міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

Талапкер өндіріп алу үшін 129 869,70 теңге көлемінде айыппұл сомасын ұсынды.

Бұл талап қоюшымен есептелген тұрақсыздық айыбының көлемі дұрыс деп сот есептейді.

Осыған орай, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 224 бабының 2 бөлігіне сәйкес сот шешімді тараптар ұсынған және сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негіздейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 225 бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Жоғарыдағыларды негізге ала отырып, сот талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер "Umit&Co" Жанпеисова Умут Мадениетовнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өтеу туралы талап қою қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117 бабына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде және Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 3656 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер "Umit&Co" Жанпеисова Умут Мадениетовнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өтеу туралы талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер "Umit&Co" мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "Umit&Co" мемлекет пайдасына |129 869,70 (жүз жиырма тоғыз мың сегіз жүз алпыс тоғыз) теңге 70 тиын тұрақсыздық айыбы және 5863 (бес мың сегіз жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешіммен келіспеген тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 403,404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы қалалық сотына, Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Документ подписан: Далабаева Т. К., 25.11.2025
Дата вступления в законную силу: 24.02.2026, судья Далабаева Т. К., 22.04.2026
7527-25-3-1/15210

арқылы осы шешімнің көшірмелері тапсырылған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде апелляциялық шағым келтіруге құқылы.

Судья Далабаева Т.К.

Документ подписан: Далабаева Т. К., 25.11.2025

Дата вступления в законную силу: 24.02.2026, судья Далабаева Т. К., 22.04.2026

7527-25-3-1/15210